

Бекітуге арналған мәліметтерді қамтитын өндіріс паспортының нысандарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Мұнай және газ министрінің 2011 жылғы 27 тамыздағы № 156 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 12 қыркүйекте № 7186 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 3 наурыздағы № 171 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Энергетика министрінің 3.03.2015 № 171 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 23 шілдедегі Заңының 7-бабы 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған өндіріс паспортының, оны бекіту үшін мәліметтер енетін нысаны бекітілсін.

2. Мұнай өнімдерін өндірушілер өндіріс паспортын мұнай және газ саласындағы уәкілетті органға нысанға сәйкес бекітуге ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің Мұнай өнеркәсібін дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіпте осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және кейіннен оның бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Министр *С. Мыңбаев*
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
М ұ н а й ж әне г а з м и н и с т р і н і ң
2 0 1 1 ж ы л ғ ы 2 7 т а м ы з д а ғ ы
№ 1 5 6 б ұ й р ы ғ ы м е н
бекітілген
Ә к і м ш і л і к
д е р е к т е р ж и н а у ғ а
арналған нысан

Қазақстан Республикасының мұнай өңдейтін зауыттарының Өндіріс паспорты

Ескерту. Нысан жаңа редакцияда - ҚР Мұнай және газ министрінің 25.09.2013 № 174 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Есептік кезең 20__ ж.

СТМ / ЖСН _____

Индексі: № КМӨЗӨП-1 Нысан

Мерзімділігі: үш жылда бір рет

Ұсынатындар: Қазақстан Республикасының мұнай өңдейтін зауыттары

Кімге ұсынады: Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі

Ұсыну мерзімі: есепті кезеңнің 20 желтоқсаны

_____ (өңдеушінің лауазымы)

_____ (ұйым басшысының аты-жөні)

_____ (күні, қолы және мөрі)

« Б е к і т е м і н »

Қазақстан Республикасы

Мұнай және газ министрлігінің

_____ (лауазымы)

_____ (Қолы) _____ (лауазымды тұлғаның Т.А.Ә.)

_____ (күні және мөрі)

_____ (ұйымның атауы)

_____ (жылжымайтын объектінің мекен-жайы)

_____ (заңды мекен-жайы)

Тел: _____

Факс: _____

Эл. почта: _____

Қызметінің негізгі түрі: _____

Мұнай өңдеу бойынша жобалық қуаты (кәсіпорынды жаңғыртуды және қайта құруды ескере отырып) _____

Мұнай өнімдерін өндірушінің мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу)

туралы анықтамасы _____ № _____

(Күні)

Мұнай өңдеу зауытын пайдалануға енгізу туралы

акт _____ № _____

(Күні)

Негізгі өндіріс бойынша ақпарат

Өндірілетін мұнай өнімдерінің негізгі түрлері

1-кесте

№ п/п	Өндірілетін өнімнің және жартылай фабрикаттардың атауы*	Техникалық сипаттамалары (МемСТ, оның ішінде ТТ сәйкестігі)	Ескерту
1.			
2.			
3.			
4.			

Е с к е р т у :

Әр қондырғының өнімділігі және шығарылатын өнімнің түр-түрі шикізатпен тиелуге және өнделетін мұнайдың түр-түріне байланысты көрсетіледі.

* Өнеркәсіп өнімінің (тауар, қызмет) статистикалық жіктеуішіне (ӨТСК) ВСТ -07 3-ред. (19.20.4 сәйкестендіру блогы) сәйкес келтірілді.

Жабдықтарды пайдалану регламенті

2-кесте

№ п/п	Мұнайды өңдейтін қондырғының және жабдықтың атауы	Өндірістің технологиялық үдерісін сақтау үшін қолда бар жабдықты пайдаланудың сипаттамасы (Техникалық сипаттамасы, МемСТ, оның ішінде ТТ сәйкестігі)
1.		
2.		
3.		
4.		

Өндірісте қолданылатын резервуарлар

3-кесте

№ п/п	Жартылай фабрикаттарды және өнімді сақтайтын резервуарлы парктердің атауы*	Резервуарлардың саны (дана.)	Өлі қалдықтары бар резервуарлардың жалпы сыйымдылығы (тонна)	Тауарлық өнім бойынша резервуарлардың сыйымдылығы (тонна)
1.				
2.				

3.				
4.				

Е с к е р т у :

1, 2, 3-кестелер (зауыттың) кәсіпорынды жаңғыртуға және қайта құруға байланысты түзетіледі.

Жыл ішінде айлар бөлінісінде мұнай өңдеу және мұнай өнімдерін өндірудің ең аз көлемдері

20__ - 20__ жж. (мың. тонн)

4-кесте

№	Мұнай өнімінің атауы*	Айлар												Барлы , жы ішінде
		қаңтар	ақпан	наурыз	сәуір	мамыр	маусым	шілде	тамыз	қыркүйек	қазан	қараша	желтоқсан	
1.														
2.														
3.														
4.														

Өндіріс паспорты нөмірленген және тігілген түрде ұсынылады және мұнай өнімдерін өндірушінің елтаңбалық мөрімен расталады (жеке тұлғалар үшін – қол қ о й ы л а д ы) .

* Өнеркәсіп өнімінің (тауарлар, қызмет) статистикалық жітеуішіне (ӨТСК) ВСТ -07 ред.3 (19.20.4 сәйкестендіру блогы) сәйкес келтірілді.

* Шикі мұнай сатып алуды және МӨЗ-ге жеткізуді зауыт иесі еркін нарықта өз бетімен қамтамасыз етеді.

Директор (бірінші басшы) (қолы және мөрі) Т.А.Ә.